

Үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің шығындарын өтеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 293 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 29 желтоқсанда № 4-6-123 тіркелді. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 07 наурыздағы № 90 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2013.03.07 № 90 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 13 бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 36-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11, 29 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысына және Атырау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қарашадағы № 329 "Үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балалардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдерінің шығындарын өтеу туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мүгедек балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне үйде тәрбиелеу мен оқыту шығындарын өтеу үшін ай сайын 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық көмек көрсетілсін.

2. Индер ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә. Балахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 тамызынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Ж. Рахметқалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК